

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

5. Ермоленко В.А., Перченко Р.Л., Дидактические основы функциональной грамотности в современных условиях. Пособия для работников системы образования. /Рос.акад.образования. М., 1999. – 228 бет.

6. Дуйсебек А.Т. Совершенствование естественнонаучного образования в контексте современных требований //«Білім-Образование» спецвыпуск для I съезда учителей химии и биологии РК «Школьное естественнонаучное образование: общество, наука и технология XXI века». – Усть-Каменогорск, июнь 2012 г.

ӘОЖ 37

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Алпысбаева Нұрай Мәлікқызы

nurajalpyysbaeva0@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

Деңгейлеп саралап оқыту әдіснамасы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үдерісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Деңгейлеп саралап оқыту әдіс-тәсілі жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгеруді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Деңгейлеп-саралап оқыту әдіс-тәсілі оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне, оқушыны ынталандыруға, оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастық қарым-қатынас достығына, оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне, баға әділдігіне, білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.[1]

Деңгейлеп-саралап оқытудың басты мақсатты қоғам талабына сай нәтижелі оқушы даярлауда болып отыр. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы мынандай 4 түрге бөлінеді:

1) *Репродуктивтік деңгей* – жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты.

2) *Алгоритмдік деңгей* – мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3) *Эвристикалық деңгей* – оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4) *Шығармашылық деңгей* – оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Деңгейлеп оқыту әр оқушының белсенділігін оятады.[2]

Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туады. I деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді.

Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп, мұғалімнен, сыныптастарынан қосымша материалдардан білім жинайды.

Мен Астана қаласындағы №38 лицейде жүргізген География пәнінде 7-сынып оқушыларына берілген тапсырмаға 21-оқушы қатысты. Алдын-ала дайындалған тапсырмаларды 3- топқа бөліп таратып бердім. Қорытындысында деңгейлік тапсырмаларды дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергені үшін сәйкес ұпай берілді. *бірінші деңгей үшін - 5 ұпай, екінші деңгей үшін – 15 ұпай, үшінші деңгей үшін – 30 ұпай.* Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды, әрине, дарынды да, еңбекқор оқушы орындай алды. Бердімұратов Арман, Аманов Серік, Қалиев Мақсат және 13 оқушыт.б Қорытынды бойынша әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін, әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік берді. Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға берілген дидактикалық сұрақтарға олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырдық. Олар *ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.* Мысал ретінде мына бір сабақ схемасына талдау жасайтын болсам. Берілген сұрақтың әр түрлі қиындықтарына байланысты оқушыларға өзіндік жұмыстардың тақырыптары таратылып берілді.

Бірінші топ: тапсырманы түсінуде, талап ететін өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындайды. Мұғалім 2-ші және 3-ші топтардың жұмыстарын бақылайды, қиыншылық туған жағдайда оларға көмек беріледі. 2-ші және 3-ші топтар үшін қорытынды бөлім материалы бойынша қорытынды жеке тапсырмалар бердім.

Екінші топ: өткен сабақта 1-ші топ оқушыларының дайындаған тірек схемаларының ережелерін жасайды, үлгі бойынша жұмыс жасайды; жаңа материалды меңгеруге қажетті ережелерді қайталай отырып, 3-ші топ оқушыларының үй тапсырмаларын тексереді.

Үшінші топ: жатталған ережені тәжірибеде қолданады, алдыңғы сабақта 1-ші және 2-ші топ оқушылары жұмыс істеген тірек схемалары бойынша өз бетімен жұмыс істейді, жаңа материалды түсіндіру үшін материалды қайталайды.[5]

Нақтырақ айтатын болсам саралап оқыту әдісінің білім беру жүйесіндегі маңызының өте зор екенін байқадым. Әр оқушының, әр пәннен 100 % үлгеріміне қол жеткізудің кепілі болады және оқу пәнінің барлық тақырыбы бойынша, ең болмағанда міндетті бірінші деңгейді игеруін толық жүзеге асырады. Бұл, өз кезегінде, мемлекеттік стандарттардың минималды талаптарының орындалуына кепілдік береді, Қазақстан Республикасының Білім туралы

Заңының талаптарына сай келеді және дәстүрлі оқытудағы оқушылардың артық жүктеме тарту мәселесін шешеді. Олардың әрқайсысы 1-ші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті және жоғарғы деңгейлік тапсырмаларды орындауға құқылы. Осылайша, бір деңгейден бір деңгейге, өз білімін біртіндеп толықтыра отырып, өз қабілетін де жетілдіреді. Бұл жағдайда жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының күнделікті мақсатына айналады.

Қорытындылай келе, саралап-деңгейлеп оқытудың әдіс-тәсілінің принциптері – оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында, оқушының өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігімен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады деп ой тұжырымдадым.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қараев Ж., Қуанбаев Б. Жетірілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары. – «Ізденіс» республикалық ғылыми-педагогикалық журналы. – №1, 2004.
2. Қараев Ж. Оқушылардың шығармашылық қабілетін деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы дамыту жолдары. – Алматы, 2008.
3. Кобдиқова Ж. У. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдіру». – Алматы, 2005.

4. Сейтқазиев Ж. Деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушыларды шығармашылыққа баулу. – Тараз, 2013.
5. Таубаева Ш. Т., Барсай Б. Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, 2005

ӘОЖ 37

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ (МИҒА ШАБУЫЛ ӘДІСІ)

Асқар Жанерке Ермекқызы
zhanerkeaskar7@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабаева

Қазіргі таңда мектеп қабырғасында география пәнін оқытуда көптеген жаңа технологиялар қолданылуда. Осы әдістердің бірі ”Миға шабуыл әдісі”. Бұл әдіс 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және шапшаң білім алуға белсенділігіне аса назар аударылды. Миға шабуыл деп мәселені сәтті шешудің жолы - бүкіл адамдар тобында болатын шығармашылық әлеуетті белсендіру. Ол үшін шағын топ жиналады, оның әрбір мүшесі талқылауға қатысады. Әңгіме бұрын айтылған бір немесе басқа мәселеге қатысты. Оның басты мақсаты: Мәселені шешуге арналған идеялардың максималды санын жинау. Оның үстіне, бұл ең қысқа мерзімде жасалуы керек. Миға шабуыл үлгілері өте пайдалы және миға шабуылды мағыналы және тиімді ету қабілетіне байланысты баға жетпес болып саналады. Бұл командаға барлық жерге сәйкес идеяларды реттеуге көмектесетін миға шабуылдың ұйымдастырылған құрылымына байланысты. Миға шабуыл әдісі ұжымның шығармашылық ойлауын оңтайландыруға және оны кейіннен жүзеге асыру үшін ең тиімді идеяны алуға мүмкіндік береді. Және осы тұста Миға шабуыл әдісінің үш кезеңін атап өту керек.

1. Тапсырманы қалыптастыру- Бұл кезең алдын ала болып саналады. Ол мәселені нақты тұжырымдауды, қатысушыларды таңдауды және олардың рөлдерін бөлуді (жетекші, көмекшілер және т.б.) білдіреді. Бөлу, өз кезегінде, мәселенің ерекшеліктеріне және шабуыл жасалатын нысанға байланысты.

2. Тапсырманы топтық оқу барысында ой тудыру-Бұл негізгі кезең және оқушылардың тапсырмамен қамтылуы және олардың сабаққа белсене қатысуы соған байланысты. Ешқандай шектеусіз идеялардың максималды саны қамтылады.

3. Нәтижені бағалау- бұл кезең арқылы шынымен тиімді идеяларды бөліп көрсетуге және бүкіл ми шабуылын ортақ бөлгішке жеткізуге болатынын түсінуіңіз керек. Екінші кезеңнен айырмашылығы, бағалау мен сын құпталады. Ал бұл кезеңнің қаншалықты табысты болатыны қатысушылардың жұмысының жүйелілігіне және шешіліп жатқан мәселе мен ұсынылған шешімдерге қатысты пікірлерінің жалпы бағытына байланысты.[1]

Үш кезеңін қарастыра отырып, “Миға шабуыл” әдісінің артықшылықтарын көре аламыз: Алдымен, Уақыт үнемделеді; Топпен жұмыс істеу барысында қатысушылар арасында ынтымақтастық ,сыйластық қасиеттері жақсы дамиды; Ой еркін түрде жеткізіледі; Қиын тақырыптарды оңай меңгеруге көмектеседі; Осы артықшылықтарды философия ғылымдарының кандидаты, әлеуметтанушы және Сібір федералды университетінің әлеуметтану кафедрасының доценті П.А.Стариковтің идеяларына негізделген. Біріншіден, қатысушылардың бірлескен қызметі, олардың әрқайсысының өз тәжірибесі, жағдайды көруі және білімі бар, шешімдерді іздеу нәтижесін айтарлықтай жақсартатын синергетикалық әсер құрайды. Екіншіден, миға шабуыл процесінің өзі ерекше шығармашылық әлеуетке ие, осылайша қызықты ұжымдық және тіпті ойын әрекетіне айналады. Үшіншіден, миға шабуыл